

"Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 29 қарашадағы № 288 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 41 қаулысы . Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда № 9-19-92 тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 29 қарашадағы № 288 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген нөмері 2005 жылғы 9 желтоқсандағы 9-19-9, "Нұрлы жол" 2005 жылғы 22 желтоқсандағы № 51) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі нұсқаулықтың 5 тараудың 13 тармақтың 1) және 3) тармақшалары жаңа редакцияда баяндалсын:

"тамақтың – тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген, айына бес айлық есептік көрсеткіш";

"тұру үшін – тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген, айына бес айлық есептік көрсеткіш".

2. Қаулының орындалуына бақылау жасау Ұзынкөл ауданының әкімінің орынбасары М. В Слесарьға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі

А. Сейфуллин